


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТИ



Бекітемін
Ректор

У. Умбетов

Ғылыми Кеңестің шешімі
(№ 4 хаттама, «29» 2024 жыл



ҒЫЛЫМИ – ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ОНЫ САЙЛАУ
ТӘРТІБІНІҢ ЕРЕЖЕСІ

Қызылорда, 2024

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер
2. Кеңестің негізгі міндеттері
3. Кеңес қызметінің негізгі бағыттары
4. Кеңестің сайлау және жұмыс тәртібі

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

«Болашақ» университетінің ғылыми – әдістемелік кеңес қызметі және оны сайлау тәртібінің ЕРЕЖЕСІ (бұдан әрі-Ереже) 27.07.2007 ж. ҚР «Білім туралы» Заңына (24.10.2011 ж. енгізілген өзгертулер және толықтырулармен), Ғылым және технологиялық саясат туралы Қазақстан Республикасының Заңына (2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII ҚРЗ), Білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы №583 бұйрығына (ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 08.06.2023 № 263 бұйрығы) сәйкес әзірленген.

Ереже «Болашақ» университетінде басқарудың алқалы органы болып табылатын ғылыми – әдістемелік кеңес қызметін ұйымдастыру мен оның мүшелерін сайлау тәртібін (бұдан әрі - Кеңес) анықтайды.

Кеңес өз қызметінде «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңын, Ғылым және технологиялық саясат туралы Қазақстан Республикасының Заңын (2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII ҚРЗ), мен Білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы №583 бұйрығын, университет жарғысын және осы Ережені басшылыққа алады.

2. КЕҢЕСТІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

- 1) Оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз етудің сапа мониторингісін ұйымдастыру;
- 2) Білім беру ұйымдарында шығарылатын оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, құралдарды және басқа да материалдарды басып шығаруға жоспарлауды, сараптаманы және ұсынымды ұйымдастыру;
- 3) Білім беру ұйымдарындағы оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету және жетілдіру;
- 4) Оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру және жетілдіру жөніндегі озық тәжірибелерді қорыту және тарату;
- 5) Біліктілікті арттыру, педагогикалық және ғылыми кадрларды қайта даярлау және аттестаттау жүйесін жетілдіру, оқу үдерісінің мазмұнын талдау;
- 6) Білім беру ұйымдарында әдістемелік жұмыстарды үйлестіру;
- 7) Білім беру ұйымдарында білім беру үдерісінің жаңа және қолданыстағы технологиялар, әдістер, құралдар нысандарын енгізу және жетілдіру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;
- 8) Оқытушылардың оқу-әдістемелік бірлестіктерінің шығармашылық (тұрақты және уақытша) орталықтарының жұмысын ұйымдастыру;
- 9) Педагогтік ұжымның ғылыми-әдістемелік әлеуетін жетілдіру жөніндегі жұмыстарды басқару;
- 10) Білім беруді дамыту және басым бағыттарды қалыптастыру және оны іске асыру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу;

11) Білім беру саласындағы қызметкерлерді аттестаттауға қатысу.

3. КЕҢЕС ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

- 1) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары талаптарын ескере отырып жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларын сараптауын ұйымдастыру;
- 2) Құрылымдық бөлімшелердің әдістемелік кеңестердің жұмыс жоспарларын қарау және келісу;
- 3) Жеке пәндер бойынша жұмыс оқу бағдарламаларын талқылау және қолдау;
- 4) Білім беру ұйымдарда оқу үдерісін қамтамасыз ету үшін әдістемелік қамтамасыз ету мәселелерін қарау;
- 5) Білім беру ұйымдарда әдістемелік қамтамасыз етуге байланысты нормативтік-құқықтық актілерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;
- 6) Оқулықтарды, оқу-әдістемелік құралдырды, оның ішінде электрондық түрде және дидактикалық материалдар ұйымдастыру;
- 7) Өндіріс пен ғылыми технологиялардың басым бағыттарын болжау негізінде білім беру мамандарының (кәсіптерінің) тізбесін жетілдіру жөнінде ұсыныстарды талқылау;
- 8) Оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге және педагог қызметкерлеріне, білім беру ұйымдарына практикалық көмек көрсетуге бағытталған әдістемелік жұмыстардың әртүрлі нысандарын енгізу мәселелерін қарау; жекелеген пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламаларын талқылау және бекіту;
- 9) Элективті пәндер каталогын қарау және бекіту;
- 10) Пререквизит және постреквизиттерді бекіту;
- 11) Әдістемелік бірлестіктер қызметінің жылдық жоспарларын келісу және бекіту;
- 12) Білім алушылардың білімін бағалау үшін тест тапсырмаларын және басқа түрлерін әзірлеу және сараптамадан өткізу мәселелері;
- 13) Білім алушылардың өздік жұмысын және оқытушының қолдауымен өткізілетін өздік жұмыстарды әдістемелік қамтамасыз ету;
- 14) Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстарды жетілдіру бойынша семинарлар, конференциялар, кеңестер ұйымдастыру және өткізу болып табылады.

4. КЕҢЕСТІҢ САЙЛАУ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

1. Кеңестің құрамына кафедра өкілдері, оқытушылар, оқу-әдістемелік ұйымдардың басшылары, педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру, қайта даярлау және аттестаттау, білім беруді ақпараттандыру жөніндегі құрылымдық бөлімшелер басшылары кіреді. Кеңестің құрамы ректордың бұйрығымен бекітіледі.
2. Кеңесті ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор – төраға басқарады.
3. Кеңес мүшелерінен ашық дауыс арқылы хатшы сайланады.
4. Кеңестің жұмысы жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.
5. Кеңестің отырысы екі айда бір рет өткізіледі.

6. Кеңестің отырысында қаралған мәселенің нәтижесі бойынша қатысып отырған мүшелерінің басым көпшілік дауысымен ғылыми - әдістемелік кеңестің ұсынысы қабылданады және хаттамамен рәсімделеді. Отырыстың хаттамалары мен ғылыми-әдістемелік кеңестің шешімдеріне кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды.
7. Егер ғылыми-әдістемелік кеңестің отырысында оның мүшелерінің үштен екі бөлігі қатысып отырса, онда әдістемелік кеңес құқықты өкілетті деп табылады.
8. Кеңестің төрағасы жылына бір рет Кеңес қызметінің нәтижелері туралы Ғылыми кеңес алдында есеп береді.
9. Кеңестің әрбір мүшесі кеңестің барлық отырысына қатысуға, оның жұмысына белсенді араласуға, жүктелген тапсырмаларды уақытылы және нақты орындауға тиісті.